

**"Өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы" Қазақстан Республикасының Заңына
өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы
туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 23 желтоқсандағы N 1299 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы" Қазақстан Республикасының Заңына
өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы
Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министри

Жоба

**"Өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы" Қазақстан Республикасының Заңына
өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

1-бап. Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 7 маусымдағы "Өлшем бірлігін
қамтамасыз ету туралы" Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің ведомостары,
2000 ж., N 7, 165-құжат) келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) мәтіндегі "үәкілетті мемлекеттік органмен", "үәкілетті мемлекеттік орган", "үәкілетті мемлекеттік органның" деген сөздер "үәкілетті органмен", "үәкілетті орган", "үәкілетті органның" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 1 - б а п т а :

1) тармақшада: "өкілеттіктерін" деген сөзден кейін "стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі" деген сөздермен толықтырылсын, "құзыреттілігі мен өкілеттіктерін" деген сөздер "заңдылығын" деген сөзben ауыстырылсын;

1-1) тармақшасымен келесі мазмұнда толықтырылсын:

"1-1) Қазақстан Республикасы өлшем бірлігін қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйесі - Қазақстан Республикасында өлшем бірлігін қамтамасыз ету бойынша субъектілердің, объектілердің және нормалардың жиынтығы;";

2) тармақшада "үәкілетті" деген сөздің алдында "стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі" деген сөздермен толықтырылсын;

3) тармақшада "стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі" үәкілетті мемлекеттік органның" деген сөздер "стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі" үәкілетті мемлекеттік органның және оның аумақтық бөлімшелерінің" деген сөздермен ауыстырылсын, "жүзеге асыратын" деген сөздер алып тасталсын;

9) тармақшада "бақылау мен" деген сөздер алып тасталсын;

10-1) тармақшасымен келесі мазмұнда толықтырылсын:

"10-1) өлшем құралдарын салыстырып тексеру әдістемесі - орындалуы өлшем құралдарының белгіленген техникалық және метрологиялық талаптарға сәйкестігін анықтауға және растауға мүмкіндік беретін операциялар мен ережелердің жиынтығы";

11-1) тармақшасымен келесі мазмұнда толықтырылсын:

"11-1) өлшем құралдарын метрологиялық аттестаттау - жеке дара данада шығарылған немесе экелінген өлшем құралдарының оларға өлшем бірлігін қамтамасыз ету бойынша нормативтік құжаттармен қойылатын талаптарға сәйкестігін белгілеу (растасу);";

14-1) тармақшасымен келесі мазмұнда толықтырылсын:

"14-1) өлшем құралдарын салыстырып тексеруші - өлшем құралдарын салыстырып тексеру құқығына стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі уәкілетті органмен белгіленген тәртіpte аттестатталған, аккредиттелген заңды тұлғалардың метрологиялық қызметтерінің немесе мемлекеттік метрологиялық қызметтің маманы";

15) тармақшада "оған уәкілетті органдар" деген сөздер "аккредиттелген заңды тұлғалар" деген сөздермен ауыстырылсын, "техникалық" деген сөзден кейін "және метрологиялық" деген сөздермен толықтырылсын;

16-1), 17-1) және 17-2) тармақшаларымен келесі мазмұнда толықтырылсын:

"16-1) салыстыру - өлшем құралдарының метрологиялық сипаттамаларын зерттеудің нәтижелерін салыстыру;

17-1) стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі уәкілетті орган - стандарттау, метрология, сертификаттау және аккредиттеу бойынша жұмыстарды басқаруды іске асыратын мемлекеттік орган;

17-2) өлшем бірлігін қамтамасыз ету саласындағы сарапши-аудитор - өлшем бірлігін қамтамасыз ету саласында жұмыстарды жүргізу құқығына стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген тәртіpte аттестатталған жеке тұлға";

3) 5 - б а п т а :

1 тармақта "Қазақстан Республикасында" деген сөздер алып тасталсын;

2 т а р м а қ т а :

4) тармақшада "іргелі" деген сөз "ғылыми" деген сөзben ауыстырылсын;

5) тармақшада "сақтау және қолдану" деген сөздер "сақтау, қолдану және салыстыру" деген сөздермен ауыстырылсын;

7) тармақшада "өлшем құралдарын салыстырып тексеру әдістеріне" деген сөздермен толықтырылсын;

8) тармақшада "белгілейді" деген сөзден кейін ", өлшем құралдарын салыстырып тексеру және калибрлеу нәтижелерін салыстыруды ұйымдастырады" деген сөздермен толықтырылсын;

12) тармақшада "кәсіби даярлауды" деген сөздер "біліктілігін жоғарылату" деген сөздермен аустырылсын;

"13), 14) және 15) тармақшаларымен келесі мазмұнда толықтырылсын:

"13) өлшем бірлігін қамтамасыз ету саласында аккредиттеуді және лицензиялауды іске асырады, өлшем бірлігін қамтамасыз ету саласында аккредиттеуге жататын жұмыстардың тізімін анықтайды;

14) өлшем құралдарының түрін бекіту туралы сертификаттардың (өлшем құралдарының түрін бекіту туралы сертификаттардың көшірмелері) нысандарын белгілейді;

15) салыстырып тексеру таңбаларын дайындаудың, сактаудың және қолданудың тәртібін белгілейді;

16) ведомстволық сыйлықтар үйымдастырады.";

4) 6-бапта 2) тармақшада "эталондары" деген сөзден кейін ", шама бірліктерінің эталондары" деген сөздермен толықтырылсын;

5) 7-бапта: "өлшем құралдары" деген сөздер "шама бірліктерінің эталондары, өлшем құралдары, өлшем құралдарын салыстырып тексеру әдістемелері" деген сөздермен ауыстырылсын, "нормативті құжаттары" деген сөздер алып тасталсын, "өлшем бірлігін қамтамасыз ету бойынша жеке, заңды тұлғалардың, мемлекеттік басқарма органдарының метрологиялық қызметтерінің қызметі" деген сөздермен толықтырылсын;

6) 7-1 және 11-1 баптарымен толықтырылсын:

"7-1 бабы. Өлшем бірлігін қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйесінің субъекттері

Өлшем бірлігін қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйесінің субъекттері өлшем бірлігін қамтамасыз ету саласында қызметті іске асыратын жеке және заңды тұлғалар болып табады.

11-1-бап. Өлшем құралдарын салыстырып тексеру әдістемелері

1. Өлшем құралдарын салыстырып тексеру әдістемелері өлшем құралдарының белгіленген техникалық және метрологиялық талаптарға сәйкестігін анықтау және растау үшін пайдаланылады және өлшем бірлігін қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйесінің тізілімінде міндettі тіркеуге жатады.

2. Өлшем құралдарын салыстырып тексеру әдістемелерін дайындау, бекіту және қолдану тәртібін стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі уәкілетті орған анықтайды .";

7) 1 2 - б а п т а :

1 тармақта "бақылау мен" деген сөздер шығарылсын;

2 тармақта "әзірлеу және" деген сөздерден кейін "метрологиялық" деген сөзben толықтырылсын, "метрологиялық қызметті" деген сөздер "заңды тұлғаларды" деген сөздермен аустырылсын;

8) 13-бабы 4) және 5) тармақшалармен келесі мазмұнда толықтырылсын:

"4) өлшем бірлігін қамтамасыз ету саласындағы сарапшы-аудиторлардан;
5) өлшем бірлігін қамтамасыз ету саласында консалтингті қызметтер көрсететін
занды тұлғалардан.";

9) 14 - бапта :

1) тармақша келесі редакцияда баяндалсын:

"1) стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі уәкілетті органнан және
оның аумақтық бөлімшелерін;" ;

2) тармақшада "сөндай-ақ" және "(орталықтардан)" деген сөздер алып тасталсын,
әзірлейтін" деген сөзден кейін ", шама бірліктерінің эталондарын, өлшем құралдарын
салыстырып тексеру және калибрлеу нәтижелерін салыстыруды, өлшем құралдарын
өндіруді, шама бірліктерінің эталондарын және жоғары дәлдікті өлшем құралдарын
салыстырып тексеруді, ғылыми-зерттеу жұмыстарын, кадрлардың біліктілігін
жоғарылатуды және қайта дайындауды жүргіzetін" деген сөздермен толықтырылсын;

3) тармақша алып тасталын ;

10) 15-бапта 1 тармақ келесі редакцияда баяндалсын:

"1. Өлшем бірлігін қамтамасыз етудің мемлекеттік қызметтері стандарттау,
метрология және сертификаттау жөніндегі уәкілетті органды және оның аумақтық
бөлімшелерін, мемлекеттік ғылыми метрологиялық орталықты, мемлекеттік басқару
органдарының метрологиялық қызметтерін қамтиды.

Өлшем бірлігін қамтамасыз етудің мемлекеттік қызметтері стандарттау, метрология
және сертификаттау жөніндегі уәкілетті орган бекітетін ережелер негізінде өлшем
бірлігін қамтамасыз ету бойынша қызметті іске асырады.";

11) 16-1 және 16-2 баптармен келесі мазмұнда толықтырылсын:

"16-1-бап. Өлшем бірлігін қамтамасыз ету саласындағы сарапшы- аудиторлар

1. Өлшем бірлігін қамтамасыз ету саласындағы сарапшы-аудиторлар өлшем бірлігін
қамтамасыз ету саласында жұмыстарды жүргізу құқығына жеке және занды тұлғаларды
лицензиялау және аккредиттеу кезінде жұмыстарды іске асырады.

2. Өлшем бірлігін қамтамасыз ету саласындағы сарапшы-аудиторлардың қызметі
стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі уәкілетті органмен келісілген
өлшем бірлігін қамтамасыз ету бойынша нормативті құжаттарға сәйкес іске асырылады

16-2-бап. Өлшем бірлігін қамтамасыз ету саласында консалтингті қызметтер
көрсететін занды тұлғалар

1. Консалтингті қызметтер көрсететін занды тұлғалар өлшем бірлігін қамтамасыз
ету саласында стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі уәкілетті
органмен белгіленген тәртіpte жұмыстарды іске асырады.

2. Өлшем бірлігін қамтамасыз ету саласында консалтингті қызметтер көрсететін
занды тұлғалардың қызметі стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі
уәкілетті органмен бекітіletін өлшем бірлігін қамтамасыз ету бойынша нормативті

құжаттарға сәйкес іске асырылады.

3. Өлшем бірлігін қамтамасыз ету саласында консалтингті қызметтер көрсететін занды тұлғалар консалтингті қызмет көрсетулер олармен іске асырылатын қызметті іске асыруға құқылы емес. ";

12) 17, 18, 19 баптар келесі редакцияда баяндалсын:
"17-бап. Өлшем құралдарының түрін бекіту

1. Көптең өндіруге немесе Қазақстан Республикасының аумағына партиялармен әкелуге арналған және мемлекеттік метрологиялық қадағалауды іске асыру аясында қолданылатын өлшем құралдары сынақтан өткізіліп, осы өлшем құралдарының түрі кейіннен бекітілуге тиіс.

Өлшем құралдарының түрін бекіту туралы шешімді стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі уәкілетті орган қабылдайды және ол белгіленген үлгідегі өлшем құралдарының түрін бекіту туралы сертификатпен куәландырылады, сертификаттың қолданылу мерзімі оны берген кезде белгіленеді.

Өлшем құралдарының бекітілген түрін стандарттау метрология және сертификаттау жөніндегі уәкілетті орган өлшем бірлігін қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйесі тізіліміне енгізеді.

2. Бірен-саран данада жасалынған немесе әкелінген және мемлекеттік метрологиялық қадағалауға жататын өлшем құралдарын стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі уәкілетті органмен белгіленген тәртіpte метрологиялық аттестаттаудан еткізеді.

3. Түрін бекіту мақсатында және бекітілген түрге сәйкестігін анықтау үшін өлшем құралдарын сынау мемлекеттік ғылыми метрологиялық орталықпен жүргізіледі.

4. Бекітілген түрдегі өлшем құралына және (немесе) әр дананың қосымша пайдалану құжаттарына өлшем құралдарының белгіленген түрінің стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі уәкілетті орган белгілеген нысандағы белгісі қойылады.

5. Өлшем құралдарының түрін бекіту туралы ақпарат және бекітілген түрдің күшін жою туралы шешім стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі уәкілетті органның ресми басылымдарында жарияланады.

6. Өлшем бірлігін қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйесінің тізіліміне енгізілмеген және түрін бекіту туралы немесе метрологиялық аттестаттау туралы сертификаттары (түрін бекіту туралы сертификаттардың көшірмесі) жоқ өлшем құралдарын айналымға шығаруға және жарнамалауға тыбым салынады.

Мемлекеттік метрологиялық қадағалауды іске асыру аясында қолданылатын және пайдаланылымдағы өлшем құралдары түрін бекіту туралы сертификаттың қолдану мерзімі аяқталғаннан кейін толық физикалық тозғанға дейін қолданылады.

18-бап. Өлшем бірлігін қамтамасыз ету саласында лицензиялау және аккредиттеу

1. Өлшем құралдарын өндіруді және жөндеуді, оның ішінде заттардың

аттестатталған қоспаларын және заттар мен материалдардың құрамы мен қасиеттерінің стандарттық үлгілерін өндіруді жеке және заңды тұлғалар лицензиялау туралы заңнамаға сәйкес, стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі уәкілдеп орган беретін тиісті лицензияны алғаннан кейін жүзеге асыра алады.

2. Өлшем құралдарын салыстырып тексеру және калибрлеу, өлшем орындау әдістемелерін метрологиялық аттестаттау, стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі уәкілдеп органмен белгіленген тәртіпте аккредиттелген заңды тұлғалар мен іске асырылады.

19-бап. Өлшем құралдарын салыстырып тексеру

1. Мемлекеттік метрологиялық қадағалауды іске асыру аясында қолданылатын өлшем құралдары өндірістен немесе жөндеуден шығару, пайдаланылу және импорт бойынша әкеліну кезінде түрі бекітілгеннен немесе метрологиялық аттестаттаудан және өлшем бірлігін қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйесінің тізлімінде тіркелгеннен кейін салыстырылып тексеріледі.

Салыстырып тексеруді мемлекеттік метрологиялық қызмет, сондай-ақ аккредиттелген заңды тұлғалардың метрологиялық қызметтері жүзеге асырады.

Өлшем құралдарын салыстырып тексеруді іске асыратын заңды тұлғалар осы Заңның 23-бабы 5-тармақшасымен анықталған мемлекеттік метрологиялық қадағалауды іске асыру аясында өлшемдерді орындайтын өнімді, жұмысты және қызмет көрсетуді өндірушіден, әкелушіден және тұтынушыдан тәуелсіз болуы қажет.

2. Өлшем құралдарын салыстырып тексеру тізбесі мен мерзімін, сондай-ақ оны жүргізу тәртібін стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі уәкілдеп о р г а н б е л г і л е й д і .

3. Заңды тұлғалардың тіркелген жұмысы заңдар мен стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі уәкілдеп орган бекітетін өлшем бірлігін қамтамасыз ету жөніндегі нормативтік құжаттарға сәйкес жүзеге асырылады.

3-1. Өлшем құралдарын салыстырып тексеру құқығына аккредиттелген заңды тұлғалар салыстырып тексерілетін өлшем құралдары туралы деректердің электрондық есебін және оларды мемлекеттік ғылыми метрологиялық орталыққа стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі уәкілдеп органмен белгіленген тәртіпте б е р у д і і с к е а с ы р у ы қ а ж е т .

4. Өлшем құралдарын салыстырып тексеруді өлшем құралдарын салыстырып тексеру әдістемесіне сәйкес аккредиттелген заңды тұлғалардың метрологиялық қызметтерінің немесе мемлекеттік метрологиялық қызметтің салыстырып тексерушілерді жургізеді. Мұндай тексерушілерді аттестаттау тәртібін стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі уәкілдеп орган белгілейді.

5. Салыстырып тексерудің оң нәтижелері өлшем құралына және (немесе) пайдалану құжаттамасына басылатын салыстырып тексеру таңбасымен және (немесе) салыстырып тексеру туралы сертификатпен куәландарылады.

Салыстырып тексеру таңбаларын дайындау, сақтау және қолдану тәртібі стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі уәкілетті органмен белгіленеді.

6. Физикалық шамалардың өзгерісін олардың мәндерін нормаланған дәлдікпен шамалар бірліктерінде бағалаусыз бақылау үшін қолданылатын техникалық құралдар салыстырып тексеруге жатпайды.

Мұндай техникалық құралдардың түзетілуін бақылауды оларды пайдаланушылар іске асырады.";

13) 20 - бапта:

1 тармақтың екінші бөлімінде "пайдалана отырып" деген сөздерден кейін "аккредиттелген" деген сөзben толықтырылсын;

2 және 3 тармақтар алып тасталсын;

14) 21-бапта "уәкілетті орган" деген сөздерден кейін "және оның аумақтық бөлімшелері" деген сөздермен толықтырылсын;

15) 22-бап келесі мазмұндағы 5) тармақшамен толықтырылсын:
"5) "тауарларды ашу сату және импорттан алу кезіндегі саны.";

16) 23 - бапта:

9) тармақшада "геодезиялық" деген сөзден кейін ", геологиялық" деген сөзben толықтырылсын;

15) тармақша келесі редакцияда баяндалсын:

"15) өлшем құралдарын сынау, метрологиялық аттестаттау, салыстырып тексеру, калыпблекеу";

16), 17), 18) тармақшалармен келесі мазмұнда толықтырылсын:

"16) ғылыми зерттеулер жүргізу;

17) қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

18) ойын автоматтарын шығару және қолдану.";

17) 28-баптың 3-тармағында:

4) тармақшада "мемлекеттік" деген сөз алып тасталсын;

5) тармақшада "тексеру таңбаларын" деген сөздер "салыстырып тексеру таңбаларының басылуларын" деген сөздермен ауыстырылсын;

5-1) тармақшасымен келесі мазмұнда толықтырылсын:

"5-1) өлшем құралдарының өлшем бірлігін қамтамасыз ету бойынша нормативті құжаттар талаптарына сәйкестігін анықтау үшін инспекциялық салыстырып тексеру жүргізуге";

18) 29-бап келесі редакцияда баяндалсын:

"Өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы Қазақстан Республикасының заңнамалығын бұзған тұлғалар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапқа тартылады.";

19) 31-бап 1-тармақ 3) және 4) тармақшаларымен келесі мазмұнда толықтырылсын:

"3) Қазақстан Республикасының өлшем бірлігін қамтамасыз ету саласында өз қызметін іске асыратын халықаралық ұйымдардың жұмысына қатысуы және мүшелік жарналар төлеуі ;

4) Қазақстан Республикасы шама бірліктерінің мемлекеттік эталондарын құруға және ұстауға кететін шығындар .".

2-бап. Осы Заң ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК